

**№ 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша
Қамқоршылық кеңестің отырысы**

Хаттама № 2

Ақтөбе қаласы

22.12.2023 ж

Күн тәртібі:

1. № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, мектеп директоры М.С.Наменованың 2023 жылы бойынша жылдық есебі.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша № 75 жалпы білім беретін орта мектебі бойынша, мектеп директоры М.С.Наменова сөз алды:

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрлігінің қолдауымен ағымдағы жылдан бастап, яғни 2023-2026 оқу жылдарына «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» кешенді жұмыс жолға қойылды. Сонымен қатар 2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатындағы негізгі ерекшеліктерінің ішінде «Мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту, «Ата-аналар академиясын» құру мақсаты көрсетілген. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметін» білім беру ұйымының қажеттілігі негізінде 2023-2024 оқу жылынан бастап жоспарлады.

Оқу жылының басында мектепте контингент саны:

Барлығы: 1-11 кл – 547 оқушы

25 класс комплекті

1-4 кл -12 кл. комплекті – 260

5-9 кл – 11 кл. комплекті – 240

10-11 кл – 2 кл. комплекті -47 оқушы

1 – ауысым 12 класс комплекті – 270 оқушы

2 – ауысым 13 класс комплекті – 277 оқушы

01.09.2023ж. бойынша

Үйден оқыту - 2

Инклюзив оқушы - 5

МАД – 3 / 62 оқушы

2023 жылдың 22-желтоқсан күнгі контингент саны: Барлығы: 1-11 кл – 549 оқушы

25 класс комплекті

1 – ауысым 12 класс комплекті – 270 оқушы

2 – ауысым 13 класс комплекті – 279 оқушы

21.11.2023ж.

Үйден оқыту - 2

Инклюзив оқушы - 6

МАД – 3 / 63 оқушы

ҰКТ – 402 оқушы

Мектеп бойынша 2023-2024 оқу жылында 7 оқушыны Тәуекел тобына алдық. (қосымша)

2023-2024 оқу жылында ІІ жарты жылдық бойынша «№75 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-де 55 педагог жұмыс жасайды. 2023-2024 жылы 17 педагог педагогикалық шеберлік бойынша біліктілік санатына өтініш беріп, 10 педагог қызметкеріміз біліктілік санатына өтті. Педагогикалық санаттары бойынша:

Зерттеуші-7

Сарапшы-9

Модератор -21

Жоғарғы санатты-1

Биылғы жылы мектебімізде химиядан педагогикалық шеберхана ашылды. Мақсаты: Ақтөбе қаласы мектептерінің химия пәні мұғалімдеріне, жас мұғалімдерге химия пәні бойынша педагогикалық колдау көрсету, тәжірибе алмасу. Мектепте 2023 жылы 4 қалалық семинар болып өтті.

Мектептің акт залының шатырын ағымдағы жөндеу жұмыстары үшін қаражат бөлінген жоқ. Коммуналдық төлемнен үнемделген қаражаттан 1 250 000 теңгеге орындаушы тараппен конкурс арқылы келісім шарт жүргізілді. Шарт негізінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жан басына шаққандағы шығын 2023 жылға 9 435 000 теңге бөлінді. Ол 149, 159, 414 ерекшеліктер бойынша 2023 жылға жұмсалып өтті. (қосымша кесте) (қосымша слайд)

2022-2023 оқу жылында 102 білім алушыға -4137,834 теңге қаражат мектеп оқушыларына жұмсалды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын 20 балаға күнкөріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан -55 балаға, алқалық орган шешімімен 27 білім алушының ата-аналарының есепшоттарына қаржылай қаражат аударылды. Әр балаға жеке 40567 теңге беріліп, мектепке қажетті оқу-құралдары мен мектеп формасын қамтамасыз етуге бөлінді. 2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында мектепшілік қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып, одан түскен 251,545 теңге қаражат актіленіп, оның 20,000 теңгесі Қалалық оқушылар сарайының қайырымдылық шараларына берілді. Қалған 231,545 теңге мектептегі аз қамтылған, мүгедек, ерекше санаттағы, үйден оқитын балаларға Жаңа жылдық сыйлық беру жоспарларына тұр. Ақциялар мен қайырымдылық қорытындылары бойынша жүргізілген жұмыстар әлеуметтік желілерге жарияланып отыр.

Қаржыландыру

«№75 ЖББ орта мектеп» КММ-не 2020 жылы Республикалық бюджет және жергілікті бюджет есебінен барлығы 127 421 400 теңге қарастырылды, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржы 5 002 800 теңгені құрайды. Осы қаражаттар әр түрлі салалар бойынша жұмсалды. Қызметкерлердің еңбекақысынан бастап, коммуналдық қызметтер және әр түрлі шығындарды қоса есептегенде.

«№75 ЖББ орта мектебі» КММ-не 2021 жылы Республикалық бюджет және жергілікті бюджет есебінен барлығы 193 939 000 теңге қарастырылды, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржы 7 708 000 теңгені құрайды.

«№75 ЖББ орта мектебі» КММ-не 2022 жылы Республикалық бюджет және жергілікті бюджет есебінен барлығы 254 602 000 теңге карастырылды, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржы 7 683 000 теңгені құрайды.


«№75 ЖББ орта мектебі» КММ-не 2023 жылы Республикалық бюджет және жергілікті бюджет есебінен барлығы 253 447 000 теңге карастырылды, оның ішінде жан басына шаққандағы қаржы 9 435 000 теңгені құрайды.

«№75 ЖББ орта мектебі» КММ 1 қыркүйек 2020 жылдан бастап жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға ауысқаннан бастап жүргізілген жұмыстар есебі осындай

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе Қамқоршылық кеңес төмендегіше қаулы етеді:

Қаулы

1. 2023-2024 оқу жылында мектеп ұжымы мен Қамқоршылық кеңес мүшелері арасындағы бірлескен жұмыс жоспарлары орындалып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ортақ мүдделері бағытында жұмыстар жүргізілсін

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  К.Есенғалиев

Хатшы:  Пирзадаева К.И